

Альмухамбетова Б.Ж.,
Изатуллаева Б.С.

Қазақстандағы шипажай-сауықтыру қызметі нарығының қазіргі таңдағы жағдайы және дамыту перспективалары

Мақала Қазақстандағы шипажай-сауықтыру қызметі нарығын дамыту мәселелеріне арналған. Онда Қазақстандағы шипажай-сауықтыру қызметі нарығының қазіргі таңдағы жағдайы талданып, шипажай-сауықтыру қызметі нарығының дамуын тежеп отырған факторлар айқындалған. Негізгі мәселе ретінде шипажай-сауықтыру қызметі саласында біртұтас тұжырымдаманың және заңнаманың жетілдірілмегендігі көрсетіледі. Жүргізілген зерттеу нәтижесінде, шипажай-сауықтыру қызметі нарығын дамыту бойынша тәжірибелік ұсыныстар берілді. Шипажай-сауықтыру қызметі нарығында шипажай орындарының емдік қасиеттеріне байланысты білікті кадрларды дайындау қажеттігі туралы тұжырым жасалады.

Түйін сөздер: шипажай-курорт жүйесі, шипажай-сауықтыру қызметі нарығы, бәсеке, бәсекеге қабілеттілік, кадр дайындау.

Almukhambetova B.Zh.,
Izatullaeva B.S.

Market of sanatorium services in Kazakhstan: condition and perspectives

This article focuses on the development of market health and health services in Kazakhstan. Analyzed the situation in Kazakhstan, describes the main actors of the market of sanatorium services identified constraints to the development of market health and health services in Kazakhstan. As the main problem is indicated by the absence of a holistic concept and the imperfection of the legislative framework in the field of health and health services. An analysis of the sources and research, practical recommendations for the development of market health and health services, the implementation of which would improve the situation in the market of health and health services. The author concludes that the unprecedented role of skills development on the market of health and health services. In conclusion emphasizes that the further growth of the market of sanatorium services is impossible without a well-educated and trained personnel. It is on the development of the market of sanatorium services will largely depend on the level of public health.

Key words: sanatorium system, the market of sanatorium services, competition, competitiveness, training.

Альмухамбетова Б.Ж.,
Изатуллаева Б.С.

Рынок санаторно-оздоровительных услуг в Казахстане: состояние и перспективы его развития

Настоящая статья посвящена вопросам развития рынка санаторно-оздоровительных услуг в Казахстане. Проанализирована ситуация в Казахстане, описаны основные субъекты рынка санаторно-оздоровительных услуг, выявлены факторы, сдерживающие развитие рынка санаторно-оздоровительных услуг в Казахстане. В качестве основной проблемы обозначается отсутствие целостной концепции и несовершенство законодательной базы в области санаторно-оздоровительных услуг. В результате анализа источников и проведенного исследования, разработаны практические рекомендации по развитию рынка санаторно-оздоровительных услуг, выполнение которых позволит улучшить ситуацию на рынке санаторно-оздоровительных услуг. Авторами делается вывод о беспрецедентной роли подготовки квалифицированных кадров на рынке санаторно-оздоровительных услуг. В заключении подчеркивается, что дальнейший рост рынка санаторно-оздоровительных услуг невозможен без хорошо обученных и подготовленных кадров. Именно от развития рынка санаторно-оздоровительных услуг во многом будет зависеть уровень здоровья населения.

Ключевые слова: санаторно-курортная система, рынок санаторно-оздоровительных услуг, конкуренция, конкурентоспособность, подготовка кадров.

**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ
ШИПАЖАЙ-САУЫҚТЫ-
РУ ҚЫЗМЕТІ НАРЫҒЫ-
НЫҢ ҚАЗІРГІ ТАҢДА-
ҒЫ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ
ДАМУЫ
ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ**

«Қазақстан-2050» стратегиясының ұзақ мерзімді басым бағыттарының бірі – адамдардың денсаулығы. Осы стратегия негізінде «Салауатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының негізгі мақсаты елдің орнықты әлеуметтік-демографиялық дамуын қамтамасыз ету үшін Қазақстан азаматтарының денсаулығын жақсарту [1].

Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясат бағыттарының бірі – шипажай-сауықтыру кешендерін дамыту. Қазіргі таңда шипажай-сауықтыру кешендерін дамыту кезек күтірмейтін өзекті мәселелердің бірі болып саналады. Себебі шипажайлар көрсететін қызметтердің әлеуметтік-экономикалық тиімділігі бірінші кезекте, тұрғындар арасында науқастар санының азайуымен, өмір жасының ұзаруымен, еңбекке белсенді тұрғындар санының артуымен, жарақаттардың азайуымен сипатталады.

Адам ұдайы өндіріс процесіне басты өндірістік күш ретінде қатыса отырып, «демалыс», «сауықтыру» қоғамдық өндірістің интенсификация факторы ретінде алға шығады. Аймақ деңгейінде бұл миграциялық үрдістердің қалыпты болуына септігін тигізеді, еңбек ресурстарының бір аймақта шоғырлануына, науқастар санының азайуына, еңбек өнімділігінің артуына, бос уақытты дұрыс пайдалануға мүмкіндік береді [2].

ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметтері бойынша, шипажай-сауықтыру кешендерінде жұмысшылардың сауықтыру шараларын ұйымдастыру созылмалы аурулардың күшею санын 2-6 есеге және де ауруханада емделу қажеттілігін 2,4 есеге азайтады. Шипажайларда емделуден кейін 2-3 есеге мерзімдік және тұрақты еңбекке қабілетсіздік азаяды.

Қазіргі таңда шипажай-сауықтыру кешендері қызметінің сапасын арттыру маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Бүгінгі күнде шипажай-курорт саласы сегменті басымдықпен дамып келеді, ал отандық шипажай кешендері шетелдік шипажай-курортармен төмен баға есебінен бәсекелесе алады. Сонымен, қызметтердің жаңа түрі қалыптаса бастайды және шипажай инфрақұрылымы әлдеқайда кеңейетін болады.

Шипажай-сауықтыру қызметтері нарығы дамуының сыртқы және ішкі орталарына ықпал ететін негізгі факторларды сыртқы және ішкі орта факторлары деп екіге бөліп қарастырамыз. Сыртқы ортаға әлеуметтік-экономикалық факторларды,

инфляциялық процестерді, табиғи-климаттық жағдайларды, қоршаған ортаның жағдайын, географиялық факторларды және т.б. жатқызуға болады. Ішкі ортаға ШСМ (шипажай-сауықтыру мекемесі) басқарылатын параметрлерінің жиынтығы жатады, атап айтқанда: бағасы, емдік қасиеттері, медициналық қызмет, т.б. Бұл факторлар ұйым тарапынан тікелей басқаруға бағынышты.

Қазіргі заманауи шипажай-курорт кешені кеңестік шипажай-сауықтыру жүйесінен бірте-бірте дамып келеді, сондықтан оның қазіргі жағдайы көп ретте реформаға дейінгі кезеңде қалыптасқан тәсілдермен анықталады. Бұл тәсілдер нарықтық экономика принциптеріне қайшы келеді және қазіргі кезде туындап отырған бұл саланы басқарудағы көптеген мәселелердің көзі болып табылады. Жоспарлы экономика жағдайында шипажай сауықтыру орындары олардың жұмысбастылығының орталықтандырылған мемлекеттік жоспарлау нормативтерімен анықталатын оқшауланған қызмет ету жүйесі болған. Мұндай тәсіл ол кәсіпорындардан тұты-

нушыны іздеу және толықтыру мәселелерін шешу саласында күш салуды талап етпейтін. Қазіргі кезеңде республиканың шипажай-сауықтыру мекемелері клиенттерді өздері іздейтін жағдайда қызмет етеді.

Қазақстан Республикасында шипажай-сауықтыру қызметтерін реттеу келесі нормативті құжаттармен жүзеге асырылады: 2003 жылғы 4 маусымдағы №430-ІІ «Денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы; 2001 жылғы 6 наурыздағы №333 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы (Қазақстан Республикасы САПП, 2001 ж., №10, 109-б.); 2009 жылғы 5 қазандағы №495 Қазақстан Республикасы Туризм және спорт агенттігі төрағасының бұйрығы (18.04.2009 ж. №1116 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде тіркелген) және т.б..

2009-2013 жылдар аралығында Қазақстан Республикасындағы шипажай-сауықтыру ұйымдарының саны 8,0%-ға артты (1-кесте) [3]. Бұл біздің шипажай сауықтыру мекемелерінің нарықтық жағдайларға бейімделе жұмыс жасауының дәлелі болып табылады.

1-кесте – ҚР шипажай-сауықтыру нарығының 2009-2013 жылдардағы негізгі көрсеткіштерінің салыстырмалы динамикасы

Көрсеткіштер	2009 жыл	2010 жыл	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	Ауытқулар %-бен 2009 жылға қарағанда 2013 жылы
шипажайлар, мамандандырылған шипажайлар, профилакторийлердің жалпы саны	101	110	121	121	123	121,7
шипажайлар	60	64	67	66	66	110,0
төсек-орын саны	11789	12658	12589	13288	15383	130,3
емделушілердің жалпы саны (адам)	134387	147062	157489	169639	214009	159,2
мамандандырылған шипажайлар	29	33	37	36	37	123,3
төсек-орын саны	2152	2996	3011	4093	4063	188,2
емделушілердің жалпы саны (адам)	15236	16583	17586	18132	20441	134,7
профилакторий	12	13	17	19	20	166,0
төсек-орын саны	1037	1196	1204	2800	2662	2 есе
емделушілердің жалпы саны (адам)	27869	22508	32686	45508	35387	126,9
Ескерту: ҚР статистика агенттігінің мәліметтері негізінде құрастырылған						

1-кестеден көріп отырғанымыздай, ҚР шипажай сауықтыру мекемелері санының артуымен қатар, барынша күшейткендегі бір айдағы төсек-

орын саны шипажайларда 30,3% өсті. Бұл қазіргі күні жұмыс істеп жатқан ҚР ШСМ-нің төсек-орын санын көбейтіп отырғанымен байланысты,

бұл клиенттердің көп мөлшеріне қызмет көрсетуге мүмкіндік берді. Сонымен бірге талданып отырған кезең ішінде емделген адамдар саны да 1,5 есеге көбейді, бұл шипажай-сауықтыру қызметтеріне деген жоғары сұранысты көрсетеді. ҚР шипажай-сауықтыру қызметтеріне сұраныстың өсуі ең алдымен республика халқының ауыру көрсеткіштерінің өсуімен; республиканың туристік тартымдылығының жоғарылауымен; қолжетімді бағаларымен, т.б. байланысты.

Мамандандырылған шипажайлар мен профилакторийлерге келетін болсақ, олардың саны 2009-2013 жылдар аралығында 23,3% және 66,0% артты. Бұл жағдай соңғы жылдары күрт көтерілген туристердің республикаға келуімен түсіндіріледі. 2009-2013 жылдарда қызмет түрлері көрсетілген туристер саны 3,5 есеге артты. Ең танымал отандық сауықтыру орындарына «Сарыағаш» (ОҚО), «Арасан-Қапал» (Алматы облысы), «Сарыағаш» (Жамбыл облысы), «Баянауыл» (Павлодар облысы), «Жаңақорған» (Қызылорда облысы), «Шу-Бурабай аймағы» (Ақмола облысы) және басқалар жатады.


Шипажай сауықтыру мекемелері нарық экономикасына өту барысында қазақстандық заңнамаға сәйкес жаңа ұйымдық-құқықтық формаға ие болғанын атап өту керек. Қазіргі таңда Қазақстанда негізінен үш түрлі меншіктегі ши-

пажай-сауықтыру мекемелері жұмыс жасайды: мемлекеттік, жеке, және шетел. 2013 жылдың қорытындысы бойынша барлығы тіркелген 123 шипажай, мамандандырылған шипажайлар, профилакторийлер, оның ішінен қазіргі кезеңде 38% мемлекеттік меншікті құрайды, қалған мекемелер жеке меншік болып табылады – 61% және де 1% басқа мемлекеттердің меншігі болып табылады.

Меншік формалары бойынша шипажай-сауықтыру мекемелерінің графика түрінде жіктелуі 1-суретте берілген [4].

Қазақстандық шипажай-сауықтыру ұйымдарының негізгі бәсекелестері тұтынушыларға медициналық қызмет көрсететін және қызмет түрлерін жоғары деңгейде көрсететін жақын және алыс шетел шипажайлары (курорт) болып табылады. Шипажай-сауықтыру ұйымының бәсекеқабілеттілігінің орталық бөлімі көрсетілетін қызмет сапасының тұрақтылығы болып табылады. Бірақ отандық шипажайлардың қызмет сапасы жайлы ақпараттары толық дәрежеде емес және қызмет сапасын басқарудың заманауи әдістерін толыққанды қолданбайды.

1-суреттен көріп отырғанымыздай, аталмыш сферада ең көп бөлікті жеке демалыс мекемелері алады, яғни 61%, мемлекеттік секторда – 38%, басқа мемлекеттердің меншігі – 1%.



Ескерту: ҚР статистика агенттігінің мәліметтері негізінде құрастырылған

1-сурет. ҚР шипажайлар, мамандандырылған шипажайлар, профилакторийлерді меншік формасы бойынша жіктеу, 2013 ж. %.

Облыстар арасында 2013 жылы ҚР бойынша ең көп шипажай-сауықтыру мекемелері Оңтүстік Қазақстан облысында орналасқан – 27,3% және Алматы облысында – 17%, екеуін қосқанда олар республиканың барлық шипажай-сауықты-

ру мекемелерінің 44,3%-ын құрайды. Бұл келесі факторлармен түсіндіріледі: облыстың бай табиғи аймақтарының болуы, таулы ландшафты, бұл облыстың имиджінің (беделі) жоғарылығы мен танымалдылығы, туристер ағынының жоғары-


лығы және т.б. Сондай-ақ ең аз шипажай-сауықтыру мекемелері (6-дан аз) келесі облыстарда орналасқан: Қостанай облысында – 2%; Ақтөбе облысында – 2%; Солтүстік Қазақстан облысында – 2%, Павлодар облысында – 2% (сурет-2) [5].

Республиканың ең аз шипажай-сауықтыру мекемелері басқа облыстармен салыстырғанда төмен имиджді, табиғат ресурстарының тартымдылығы аз облыстарда орналасқандығын айту керек.

Барынша күшейткендегі 1 айдағы төсек-орын санының ең көп мөлшері Оңтүстік Қазақстан об-

лысы (19,6%) мен Алматы облысында (11,5%) және Алматы қаласында (7,5%) байқалады. Барынша күшейткендегі 1 айдағы төсек-орын санының ең аз мөлшері Солтүстік Қазақстан облысы (0,6%) мен Маңғыстау облыстарында (0,3%) байқалады.

2013 жылы ең көп адамға қызмет көрсеткен Алматы облысы мен Алматы қаласының шипажай-сауықтыру мекемелері болды (36,1%). Шипажай-сауықтыру мекемелерінде адамдарға ең аз қызмет көрсетілген Маңғыстау облысы (0,1%) мен Солтүстік Қазақстан облыстары (0,2%).



Ескерту: ҚР статистика Агенттігінің мәліметтері негізінде құрастырылған

2-сурет. ҚР облыстар бойынша шипажай-сауықтыру мекемелері үлес салмағы 2013 ж., %.

Сауықтыру қызметтерін көрсететін отандық нарықтың сыртқы және ішкі ортасының талдауын қарастырайық. Нарықтың күшті және әлсіз жақтарын, сонымен қатар нарықтың даму мүмкіндіктерін бірлескен зерттеуді жүргізуге мүмкіндік беретін кең танылған әдіс болып табылатын SWOT-талдау көмегімен анықтауға болады (2-кесте).

Сонымен сауықтыру қызметтерінің отандық нарығының SWOT-талдауы аталмыш саланың басымды бағыттарын бөліп көрсетуге мүмкіндік береді, атап айтқанда: саладағы кіші және орта кәсіпорындардың өсуі үшін заңнамалық және салық базасын жетілдіру, жұмыскерлерді салаға тарту

үшін менеджментті жетілдіру, сауықтыру қызметтерінің тартымдылығы мен бәсекеқабілеттілігін көтеру үшін маркетингті дамыту және т.б.

ҚР Үкімет қаулысымен сауықтыру мақсатында қолданылатын жерасты сулары көздерінің тізімі бекітілген. Соған сәйкес ҚР аумағында емдік-ауызсу, бальнеологиялық және ауыз су ретінде қолдануға ұсынылған минералданған сулары бар 47 су көздерінің ошағы бар. Шипажай-сауықтыру мекемелерінің барлық санының 15-і шипажай санатына жатады. Шипажай-сауықтыру мекемелерінің көрікті жерлерде – орман массивтерінде, тау етегі мен саябақ аймақтарында, тоғайларда – қолайлы орналасқандығына қарамас-

тан, олардың экологиялық жағдайы бекітілген талаптарды қанағаттандырмайды.

Көктемгі селдер, су тасқындары кезінде емдік және минералды суларда пестицидтер мен олардың ыдырау өнімдерінде қалдық мөлшерлері табылады. Шипажайлардың санитарлық-гигиеналық режимінің бұзылуы негізінен атмосфералық ауаның көліктердің газдарынан, жақын орналасқан өндірістік және коммуналдық кәсіпорындардың қалдықтарымен ластануының жоғары деңгейінен болады («Түркісіб», Көктем»,

«Колосок» және басқа шипажайлар). Минералды және емдік сулардың ластануы сонымен бірге жақын орналасқан ауыл шаруашылық нысандарының қызметі нәтижесінде, өнеркәсіптік және коммуналдық кәсіпорындардың қалдықтар тастауынан да болады (Жамбыл, Шығыс Қазақстан және Оңтүстік Қазақстан облыстары). Шипажай-сауықтыру мекемелерінің қазіргі жағдайы оларды оңалту және одан әрі қарай дамыту бойынша мемлекеттік бағдарламаларды қабылдауды талап етеді.

2-кесте – Шипажай-сауықтыру қызметі отандық нарығының SWOT-талдауы

Күшті жақтары:	Әлсіз жақтары:
<ul style="list-style-type: none"> - орналастыру орындарының тұрақты резервінің болуы; - елдегі тұрақтылық; - емдеу-сауықтыру қызметтерін көрсету нарығында бәсекелестіктің артуы; - туристік индустрия инфрақұрылымының болуы; - туристік саланың дамуы үшін заңнамалық және нормативті-құқықтық негіз; - сауықтыру туризмінің дамуы үшін табиғи және климаттық жағдайлардың болуы. 	<ul style="list-style-type: none"> - жыл бойы жұмыс істейтін шипажай-сауықтыру мекемелерінің зиянды «өлі» маусымдарының болуы; - жарнама мен маркетингтік зерттеулердің тиімділігінің аздығы; - кадрлар даярлау бағдарламасы нарықтың шынайы қажеттіліктеріне сәйкес келмейді; - көптеген шипажай-сауықтыру мекемелерінде толыққанды кластерлік қызметтердің болмауы (ойын-сауық, т.б.).
Мүмкіндіктері:	Қауіптері:
<ul style="list-style-type: none"> - саладағы кіші және орта кәсіпорындардың өсуі үшін негіз беретін заңнамалық және салық базаларын жетілдіру; - қызметкерлерді осы салаға тарту үшін жағдайлар жасайтын менеджментті жетілдіру; - ұлттық сауықтыру қызметтерінің тартымдылығы мен бәсеке қабілеттілігін көтеретін маркетингті дамыту; - шипажай-сауықтыру мекемесін бәсекелестік ортада ерекшелік тұратын және оған бренд жасайтын ұйымдастыру мәдениетін жасау; - инвестиция ағынын және бюджеттік кірістерді қамтамасыз ететін Қазақстанның халықаралық туристік қызметтер нарығында танымалдылығының жоғары деңгейі. 	<ul style="list-style-type: none"> - сала шығындылығының өсуі; - кетушілер және аймақшілік туризмнің келушілер туризмнен көптігі; - әлсіз заңнамалық база, салаға арналған нақты белгіленген басымдықтардың жоқтығы; - жарнаманың шетелде және ел ішінде жеткіліксіздігі тұтынушылардың хабарсыздығын жоғарылатады; - инвестициялық белсенділіктің төмен деңгейі; - Қазақстан бейнесін туризмге қолайсыз ел ретінде қалыптастыру, сондай-ақ оның инвестициялық тартымдылығының төмендеуі.

Қазіргі жағдайда сауықтыру қызметтерінің тұтынушылары сапа мен қызмет түрлеріне үлкен талаптар қояды. Сондықтан кәсіпорынның табыстылығы кәсіпорынға барынша жүктемені қамтамасыз ету үшін оның талапшыл клиенттің талаптарын қанағаттандыра алу және оны ұстап қала білу қабілеттеріне тікелей байланысты. Шипажайдың жүктемесі кәсіпорынның сауықтыру қызметтері нарығындағы бәсекеқабілеттілігінің көрсеткіші болып табылады. Қазақстанда шипажайлар ұдайы жүктеменің толымсыздығы мәселесімен бетпе-бет келеді.

Осыған байланысты әрбір шипажай-сауықтыру кәсіпорынына сауықтыру қызметі нарығында тиімді қызмет етуі үшін көрсетілетін

қызметтер сапасын басқаруға жүйелік әдісті қамтамасыз ету керек. Бұл үшін шипажай-сауықтыру қызметтерінің сапасын басқаруға арналған сауатты маркетингтік концепция жасау қажет [6].

Жасалған талдау қазіргі кезде отандық шипажай-сауықтыру мекемелері клиенттермен толыққанды толықтырылмау мәселесімен әлі де қақтығысып отырғанын көрсетеді. Республиканың сауықтыру мекемелерінің және халықтың сатып алу қабілетінің төмендеуінен өздерінде бар төсек-орын қорының қуатына қарамастан жүктеменің төмен көрсеткіштеріне ие. Мұндай жағдайлар шипажай-сауықтыру ұйымдарын емдеуге өз саласына жатпайтын науқастарды және

қысқа мерзімді демалысқа азаматтарды қабылдауға мәжбүрлейді. Бұл келесі себептермен түсіндіріледі: жан басына шаққандағы табыстардың төмендеуі; жолдама құнының өсуі (электр энергиясына, газ, отын, көлік және салықтар тарифтерінің көтерілуі есебінен); соғыс ардагерлері мен мүгедектерге, кәсіпорын жұмысшыларына, балаларға мемлекет немесе кәсіпорын табыстары есебінен жолдама берудің қысқаруы; шетелдік беделді курорттардың санының көбеюі; шипажай-сауықтыру мекемелерінің қызмет көрсету сапасының төмендігі және т.б..

Шипажай-сауықтыру қызметтерінің ең көп мөлшері маусым мен қыркүйек айларының аралығында көрсетіледі, оның ішінде ең көп жүктеме шілде мен тамыз айларына келеді. Шілде, тамыз айларына келетін шипажай-сауықтыру нарығының натуралды көлемінің жалпы үлесі жылдық көлемнің ширегінен астамын құрайды. Кез келген сауықтыру мекемесі үшін шипажай-сауықтыру мекемесінің табысты жұмыс істеуінің кепілі сапаны қамтамасыз ету болып табылады. Ол кәсіпорынның тиімді маркетингілік қызметіне тікелей байланысты.

Сонымен Қазақстанның шипажай-сауықтыру қызметтері нарығының қазіргі жағдайына жасалған талдау бізге кәсіпорындардың аз жүктемелілігі, соның салдарынан болатын кейбір шипажай-сауықтыру мекемелерінің шығындылығы секілді бірқатар мәселелерді анықтауға мүмкіндік берді. Алайда соңғы кездері елдің шипажай-сауықтыру кешені дамуының оң тенденциясы байқалады. Сауықтыру кәсіпорындары өз мүмкіндіктері шегінде инновациялық саясат жүргізіп, көрсетілетін қызмет түрлерінің аясын кеңейтіп отыр. 2013 жылы шипажай-сауықтыру қызметі нарығының көлемі 4% артты, нарықтағы тұтынушылар саны 6,82 млн. адамды құрады. Нарықтың өсуі жалпы туристік саланың қалпына келтірілуі нәтижесінде шипажай-сауықтыру қызметтері тұтынушылары санының өсуімен қамтамасыз етілді.

2012-2015 жылдар аралығында Қазақстанда көрсетілетін қызметтер саны зерттеушілердің болжамдары бойынша 8% өсіп, жатып емделетіндер саны 67,8 адам/күнге жетеді. Қазақстанның шипажай-сауықтыру мекемелерінде емделгендер санының өсу қарқынының оң серпінділігіне қарамастан, бұл республика бойынша жалпы ауыру көрсеткіштерінің өсуін де дәлелдейді.

Шипажай-сауықтыру мекемелеріне қазіргі нарықтық экономика жағдайында мемлекеттің, сондай-ақ жеке фирмалардың да қолдауы қажет.

Мемлекетке қоршаған ортаның жағдайын бақылау қажет, себебі қазіргі кезде көптеген аймақтардағы экологиялық ахуал табиғи емдік ресурстарды жүдеуден сақтау қажеттілігін тудырып отыр [7].

Кен қазушы және өңдеуші кәсіпорындарда қызметін жүзеге асыратын жеке кәсіпорындарға өздерінің әлеуметтік пакетіне ҚР шипажай-сауықтыру мекемелерінде демалушыларға ақысыз, тегін сауықтыру шараларын енгізу керек. Бұл шара аурулардың алдын алуға және ауыру деңгейін төмендетуге септігін тигізеді.

Шипажай-сауықтыру мекемелерінің материалдық-техникалық базасына жасалған таладу қорытындылары отандық шипажай-сауықтыру ұйымдары мен курорт-туристік кешендердің емдік және диагностикалық инфрақұрылымға ие екенін, заманауи кешенді сауықтыру және емдеу бағдарламаларын ендіріп жатқандығын, сонымен қатар елге келуші емделушілердің санының жыл санап артуына қарай медициналық және шипажай-сауықтыру қызметтерін жоғары халықаралық курорттық және сауықтыру медицинасы деңгейінде көтеру қажеттілігі артып отыр.

Отандық шипажай-сауықтыру және курорт-туристік кешендердің жағдайы мен дамуын бағалау, сонымен бірге шипажай-сауықтыру мекемелері көрсететін қызметтер келесі заңдылықтар мен олардың даму тенденцияларын айқындады:

еліміздегі барлық аймақтарда демалыс пен емдеуді тиімді ұйымдастыру үшін жағдайлар бар, ал жекелеген аймақтар сауықтыру және демалысты ұйымдастырудың рекреационды және сервистік мүмкіндіктеріне ие, және олар шетелдік алдыңғы қатарлы емдеу мекемелерінің емдік эффекті мен қызмет көрсету деңгейіне бірқатар деңгейде сай келеді;

қоғамдық денсаулық сақтау, қайта қалпына келтіру, сауықтыру және емдеу жүйесіндегі мемлекеттік шипажай-сауықтыру мекемелерінің салыстырмалы түрде үлесінің қысқаруы есебінен жеке және ведомствалық шипажай-сауықтыру ұйымдары дамып келеді, олар абсолюттік көріністе тұтынушылардың көпшілік бөлігін, соның ішінде балалар мен жасөспірімдерге қызмет көрсетуді арттырып келеді;

шипажай-сауықтыру ұйымдарының материалдық-техникалық базасының дамуына жеке және ведомствалық инвестициялардың артуы соңғы жылдары ұйымның инфрақұрылымын жақсартуға мүмкіндік береді, сонымен бірге, қызмет көрсету сапасын және аймақтарда, соның ішінде оңтүстік курорттық аймақтарда, жекелеген пансионаттар мен демалыс үйлерін-

де әлеуметтік қызметтің осы түрінің ұсынысын арттыруға алып келіп отыр;

елдегі шипажай-сауықтыру әлеуеті жыл ішінде толық көлемде қолданылмай отыр, бұл еңбектің ерекше жағдайымен және азаматтардың демалуға деген көзқарасымен түсіндіріледі, сонымен бірге қолжетімді ақпараттың жоқтығы, шипажай-сауықтыру ұйымдары ұсынатын қызмет көрсетудегі әлсіз маркетингтік технологияларда әсерін тигізіп отыр;

шипажай-сауықтыру ұйымдарын басқару жүйесінің ғылыми негізделген талаптарын қалыптастыру қажеттілігі артып отыр. Себебі көптеген аймақтық шипажайлар шипажай-сауықтыру қызметінің отандық стандарттарына сәйкестік сертификаттарға ие емес, бұл алдыңғы қатарлы және шетелдік турагенттіктермен, корпоративтер мен жеке әлеуетті клиенттермен олардың жұмыс істеуіне мүмкіндік бермейді;

өмір сүру сапасын жақсартуға және «Саламатты Қазақстан» ұлттық бағдарламасын жүзеге асыру негізінде жылсайынғы сауықтыру, курорт ісін дамытудың аймақтық және жергілікті бағдарламаларын республикалық бағдарламалармен үйлестіре отырып жүзеге асыру бағытында бір мемлекеттік саясатты қалыптастыру қажеттілігі туындап отыр.

Тәжірибе көрсетіп отырғандай, шипажай-сауықтыру кешендері мен сауықтыру мекемелерін білікті кадрлармен қамтамасыз ету мәселесі, сонымен қатар емдеу қызметі нарығында жұмыс жасайтын шипажай-сауықтыру қызметі менеджерлерді дайындау және қайта даярлау ерекше көз-қарасты талап етеді.

Шипажай-сауықтыру қызметі мамандарының кәсіби біліктілігін арттыру жұмыстары ҚР Денсаулық сақтау министрлігі және медициналық ғылыми орталықтарда жүргізіледі.

Сонымен қоса, шипажай-сауықтыру кешенінде қызмет көрсетуші еңбек ресурстарының кәсіби дайындық деңгейінде де бірқатар кемшіліктер кездеседі. TACIS бағдарламасының эксперттері жүргізген зерттеулер қонақжайлылық туралы білімі мен дағдылары, білігінде біршама кемшіліктердің орын алғандығын айқындады, сонымен қатар нарықтық экономика жағдайында бұл салада бір бағыттағы стратегияның жоқтығы анықталды. Қазіргі таңда қызмет көрсетіп

отырған медициналық мекемелердегі бағдарламаларда шипажай-сауықтыру емі спецификасы бойынша білім кеңінен қарастырылмайды, өз кезегінде науқастарды қандай да бір шипажай-сауықтыру кешенін дұрыс таңдау, сол шипажай-сауықтыруда емдеу ісі қалай жүзеге асырылатындығы туралы толық ақпараттар ала алмайды. Нәтижесінде емдеу-сауықтыру мекемелері ішіндегі шипажай-сауықтыру кешендерінде тұтынушылар ем таңдау кезінде бірқатар келеңсіз жағдайлардың орын алушылығы пайда болады. Бұл өз кезегінде емдеу қызметі саласындағы мамандардың еліміздегі шипажайлар және осы шипажайлардың емдік факторлары аясында білімінің аздығын көрсетеді.

Жалпы жоғарыда айтылғандардан түйетін ой, оқытудың дифференциалдық әдісін, оқу үрдісі барысында және диплом алғаннан кейінгі мамандандыру сатыларында курортологиядан дәріс беру көлемін арттыру қажет, сонымен қатар шипажай қызметі саласындағы медициналық қызметкерлердің біліктілігін арттыру және аттестациялау жұмыстарын жүргізу керек. Сонымен қатар заманауи ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету білім беру бағдарламаларын дайындау мақсатқа сай болып табылады. Бұл бағытта білім берудің инновациялық формаларын дамыту қажет, сонымен қатар әлдеқайда прогрессивті және экономикалық тұрғыдан тиімді заманауи ақпараттық технологияларға негізделген қашықтан оқыту әдістерін дамыту қажет болып табылады. Сонымен қатар нарықтық қатынастың даму жағдайында меншік түрлерінің артуымен білікті еңбек ресурстарына деген талаптар тұтынушылар тарапынан артуына орай, емдеу қызметі нарығында мамандар даярлайтын жоғары оқу орындарды басқарудың экономикалық тиімділігі мәселесі білім беру қызметінің нарығы мен еңбек нарығында жоғары оқу орынына қоятын жаңа талаптардың пайда болуымен ерекше маңыздылыққа ие болып отыр.

Қорыта келе, халық үшін шипажай-сауықтыру кешендерінің қызметі – медициналық сауықтыру шараларының ең тиімді құрамдас бөлігі, ал шипажай кешендерін дамыту экономикалық және әлеуметтік жағынан өзін-өзі ақтайды, өйткені ұлттың денсаулығына салынған инвестиция ең тиімді әрі ең қажеттісі деуге болады.

Әдебиеттер

- 1 Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2011-2015 жылдарға арналған "Салауатты Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 29 қарашадағы N 1113 Жарлығы [Электронный ресурс]: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs>
- 2 Экономика и управление здравоохранением: учебник / Л.Ю.Трушкина и др. — Изд. 5-е, перераб. и доп. — Ростов на Дону: Феникс, 2007. — 297 с.
- 3 Қазақстан Республикасындағы қызмет көрсету 2008-2012, 2013 статистикалық жинақ. — Астана: ҚР статистика агенттігі, 2014. — 218 бет.
- 4 Қазақстан туризмі 2008-2012, 2013. Статистикалық жинақ. — Астана: ҚР статистика агенттігі, 2014. — 312 бет.
- 5 Регионы Казахстана. Статистический сборник. Агентства Республики Казахстан по статистике. — Алматы, 2014. — 512 бет.
- 6 Хутиев Т.В. Перспективы развития санаторно-курортного дела в стране // Вопросы курортологии, физиотерапии и лечения физкультурой. — М., 2005. — №3. — С. 22-25.
- 7 Разумов А.Н. Роль и место восстановительной медицины и курортного дела в концепции развития здравоохранения до 2020 года // Материалы международного конгресса «Актуальные проблемы восстановительной медицины, курортологии и физиотерапии», Здравница. — М., 2008. — С. 135-136.

References

- 1 Kazakhstan Respublikasynyn densaylik saktay salasin damitudin 2011-2015 «Salamatti» Kazakhstan memlekettik bagdarlamasi. Kazakhstan Respublikasynyn Prezidentinin 2010 jylgy 2829 karashadagi Jarlygyny, № 1113 kaulysy. [Elektronnyy resurs]: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs>
- 2 Economica i upravlenie zdrovohraneniem: uzhebnic / L. Yu. Trushin i dr. — Izd.5, pererab.. dop. — Rostov. D:Feniks, 2007. — 297 s.
- 3 Kazakhstan Respublikasindagi kismet korsety 2008-2012, 2013 statistikalik zhinak. — Astana: KR statistica agentigi, 2014. — 218 s.
- 4 Kazakhstan turizmi 2008-2012, 2013 statistikalik zhinak. — Astana: KR statistica agentigi, 2014. — 312 s.
- 5 Regioni Kazakhstana. Statisticheski sbornic. Agenstvo Respublika Kazakhstan po statistice. — Almati, 2014. — 512 s.
- 6 Hutiev T.B. Perspektivi razvitiya sanatorno-kurortnogo dela v strane // Voprosi kurortologi, izioterapii i lecheniya fizkul-turov. — M., 2005. — №3. — S. 22-25.
- 7 Rasumov A.N. Rol i mesto vosstanovitelnoi medisini i kurortnogo del v kontseptsi pazvitia zdrovohraneniya do 2020 goda // Materiali mezhdunarodnogo kongresa «Actual' nie problemsh vosstanovitelnoiy meditsini, kurortologii i fizioterapii», Zdravnitsa. — 2008. — M., 2008. — S. 135-136.

